


Мұғалімнің сабақ жоспары

Киелі кітап уақытының 0-ден 4-ке
дейінгі деңгейінің
А, А5 және А6 бөлімдері



bes
bible educational services
www.besweb.com

Киелі кітаптан білім беру қызметтері (КБҚ)

Ұлыбританияда тіркелген қайырымдылық қоры (CIO 1186004)

КБҚ-ның миссиясы:

Иса Мәсіх туралы ақиқатты келер ұрпаққа таныстыру үшін, Киелі кітап сабақтарын бүкіл әлем бойынша жарыққа шығару.

КБҚ-ның аян-мақсаты:

Осындай қызметке бағышталған серіктестердің жаһандық желісін дамытып және қолдай отырып, жас ұрпаққа өз ана тіліндегі толық оқу жоспарымыз арқылы ақиқатты жеткізу.

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Киелі кітаптан білім беру қызметі не істейді?

Киелі кітаптан білім беру қызметі ағылшын тілінде Киелі кітап уақыты, Bibletime Going Deeper (бұрынғы NewLife) және Егін орушылардың Киелі кітабы сабақтарын баспадан шығарады. Сондай-ақ, пошталық Киелі кітап мектептері және Ұлыбритания мен шетелдерде КБҚ сабақтарын қолданып жүрген ұйымдарға қолдау көрсетеді. Біз мұны желі арқылы, кеңес беру, тренингтер өткізу, оларға бару арқылы жүзеге асырамыз. Дәл қазір КБҚ басқа елдерде осы сабақтарды аударып, дизайнын жасап, оларды баспадан шығарып, таратумен айналысып жатқан топтармен серіктесе отырып қызмет етіп жатыр. Бұл сабақтар барлық оқырмандарға тегін таратылуы тиіс.

Киелі кітап уақытының сабақтары алғаш рет 50 жыл бұрын оңтүстік Ирландияда қолданылды. Киелі Кітаптан білім беру қызметі Киелі кітап уақытының сабақтарын ағылшын және барлық басқа тілдерде басып шығару жауапкершілігін атқарады. Киелі кітап уақытының сабақтары әдетте А4 форматында басылып шығады. Бұл оқушыларға әрбір төрт апта сайын сабақтарын бағалау үшін Киелі кітап Мектебі Орталығына жіберуге мүмкіндік береді. Жуырда Белфасттағы Эври Хоум Крусейдтің (Қайта өрлеу қозғалысы) арқасында сабақтар А5 форматында басылып шықты. Оны қауымдар мен мектептерде, әсіресе, пошта қызметі нашар дамыған елдерде қолдану әлдеқайда оңайырақ болды.

КБҚ сабақтары үйде немесе топпен (қауымда/мектепте) өтуге болатындай ерекше жасалынған. Оқушылар оны 20 жылға дейін оқи берулеріне болады. Сол үшін жоспарланған силлабусы да бар. Сабақтардың бес деңгейі әрбір жас тобына арналған: мектепке дейінгі 5-7 жас, 8-10 жас, 11-13 жас, 14-16 жас аралығындағы топтар үшін қолжетімді сабақтар. Әрбір жас тобына арналған үш жылдық силлабусы бар. Жас топтары әр түрлі қабілет деңгейлеріне байланысты өзгеруі мүмкін. Киелі кітап уақыты ресурстары балалардың Киелі кітапты үйренулеріне және оның бүгінгі күні адамдардың өмірінде өзектілігі туралы ойлануларына мүмкіндік береді.

Сабақтардың көшірмесін КБҚ-ның веб-сайтынан www.besweb.com немесе Эннискиллендегі КБҚ офисінен алуға болады. Веб-сайтта басқа тілдердегі аудармасын да табуға болады. Егер бізбен серіктес болғыңыз келсе, КБҚ-ның веб-сайтынан бұл жөніндегі құжаттарды көруге болады.

КБҚ-ның байланыс мекен-жайы

КБҚ офисі (ағылшын тіліндегі барлық сабақтардың қоймасы):

37a Белмор к-сі, Эннискиллен, Солтүстік Ирландия, BT74 6AA

Телефоны: 02866 322462

Эл.пошта: info@besweb.com

Веб-сайт: www.besweb.com

Мұғалімнің сабақ жоспары

Мұғалімнің сабақ жоспары Киелі кітап уақытының сабақтарын қолданып жүрген мұғалімдерге сыныпта/топта оқытуға арналған ұсыныстар мен идеялармен қамтамасыз ету үшін жасалған. Бұл кітапшада олар 0-ден 4-ке дейінгі деңгейлерде қолдану үшін жасалған.

Әрбір сабақтың жоспары Киелі кітап уақытының сабағындағы Киелі кітап сілтемелерімен бірдей жүреді және олар апта сайын пайдалануға арналған. Сәуір айының сабақтары Қайта тірілу мейрамына байланысты және желтоқсан айының сабақтары Исаның туылу күніне негізделіп ерекше өтеді.

Әдетте топ/сынып мұғалімі әр аптада бір айға берілген А4 сабақтарын өткізеді. Егер қажет болса, олар еркін оқу уақытын өткізе алады. Айдың соңында мұғалімдер сабақтарды жинап алып, оларды тексеріп, оқушыларға қайтарып береді.

Мұғалімдерге арналған дайындық

Мұғалім Киелі кітап уақытының сабақтарын қолданғанда, өзінің тобындағы оқушыларға қолайлы идеялар мен бастамаларды пайдалана алады. Келесі ұсыныстар осы ресурсты пайдалануға көмектеседі:

- **Әңгімемен таныс болыңыз.** Мұғалім Киелі кітаптағы әңгімемен және онымен бірге жүретін Киелі кітап уақытының сабақтарымен мүмкіндігінше таныс болғаны жөн. Негізінде Киелі кітап уақытының сабағын сабақ басталмай тұрып, мұғалімнің өзі орындауы қажет. Сабақ жоспарлары да сабақтарды жоспарлауға көмекші құрал ретінде мұқият қарастырылуы қажет.
- **Үйретілуге тиісті сабақты түсініп алыңыз.** Әрбір сабақтың жоғарғы жағында «Біздің үйренетініміз» деген жазу және оның астында үйренетін нәрселердің тізімі бар. Балалар мұғалімнің сабағынан кейін және Киелі кітап уақытының сабағын аяқтағанда, үйренуге тиістіні меңгеріп алады деп үміттенеміз.
- **Таныстыру.** Барлық сабақта біз әр түрлі жағдайларға байланысты балалардың қандай тәжірибелері бар екенін білуден бастаймыз. Біз балаларға әңгіменің ең басын талқылауға белсенді қатысулары үшін әңгімені таныстырудың әр түрлі жолдарын ұсындық.
- **Үйрету.** Біз әңгімедегі негізгі ойларды алдын ала беріп қойдық. Әңгімені үйрету барысында оларға сілтеме жасаудың қажеті жоқ, бірақ олар пайдалы нұсқаулық болып табылады. Оларды шабыттандыратын қызықты жолдармен үйретуді көздеңіз. Балалардың назарын аудартып, негізгі ойды түсінулеріне көмектесіңіз. Ол үшін жайлы дауыс ырғағымен сөйлеп, олардың не үйренгендерін тексеру үшін сұрақтар қойыңыз.
- **Көрсетіңіз.** Кейбір жағдайларда көрнекілік құралдарды табу қиын болғанмен, балалардың әңгімені жақсы түсінулері үшін мүмкіндігінше суреттерді немесе көрнекі құралдарды пайдаланған маңызды. Көптеген сабақтарда www.freebibleimages.org (FBI) веб-сайтынан жүктеп алуға болатын суреттер жайында ақпарат берілген. Әңгімеге/оқуға арналған бұл тікелей сілтемелер кітапшаның соңында берілген А, В және С қосымшаларында жазылған.
- **Үйрену.** Әрбір әңгімеге негізгі аят бекітілген. Осы аяттарды естіп, үйрену балалардың Киелі кітаптағы сөздерді тереңірек білуіне көмектеседі.
- **Аяқтау.** Әдетте мектепте мұғалім оқушылардың жұмысты орындау қабілетін және өз жағынан қаншалықты көмек керек екенін біледі. Кейбір балалар үшін мұғалім сабақта өтетін мәтінді оқып шығуы қажет, өйткені оқушылар өздеріне таныс әңгімеге еріп отырады. Басқа балалар мәтінді өз бетінше оқи алады. Қандай тәсілді қолдансаңыз да, сабақтың қызықты өтуін қадағалаңыз және балаларды еңбектері үшін мақтауды ұмытпаңыз.
- **Қайталау.** Үйренуге көмек болсын деп, тақырыпты қайталау құралы ретінде сөзжұмбақтар мен ойындар, драмалық көріністер ұсынылған.
- **Өмірде қолдану.** Бұл бөлімнің тақырыбы «Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?» деп аталады және осы шақыруға қалай жауап беретініміз жөнінде жеке әрі топтық жұмыстар берілген.



АТЫ:

К.Б.Қ.

Бұлт бейнесіндегі бұл кейіпкер Мысырдан шығу кітабының 13-тарауындағы 21-22 аяттарға негізделіп алынған және Құдайдың қатысын білдіреді. Киелі кітап уақыты әңгімелерінде ол - даналықтың қайнар көзі, өйткені ол «Сұрақ» деген кейіпкерге Құдай туралы үйретіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Ол - бәрімізді Құдайдың Сөзін, яғни, Киелі кітапты терең түсініп оқуға жігерлендіретін мейірімді, жылы жүзді кейіпкер.



АТЫ:

СҰРАҚ


Сұрақ - ізденімпаз әрі терең ойланатын кейіпкер. Оның өте көп сұрақтары бар және сұрақ беруден қорықпайды. Ол өзінің сұрақтарына жауап табуға көмектесетін К.Б.Қ мен Нұр атты достарына дана әрі жігер беретін тәлімгерлер ретінде қарайды. Солай істей отырып, ол бәрімізге ең керемет дос болатын Исаны табуға көмектеседі.



АТЫ:

ҮЗІЛІС

Үзіліс – қуанышты әрі көңілді кейіпкер. Ол сөйлемейді, бірақ үзіліс жасайтын уақытты білдіреді. Сөйтіп, біз осыған дейін үйренген нәрселер туралы ойлана аламыз. Сондай-ақ, біз мұқият ойланып болғаннан кейін, Үзіліс біздің жаттығу жасауымызға немесе сұрақтарға жауап беруге кірісу қажеттігін есімізге салады.



АТЫ:

НҰР

Шам бейнесіндегі бұл кейіпкер 118-ші Забур жырындағы 105 аятпен байланысты. Ол Исаға арнап, «шам-шырақтай нұрын шашады». Ол К.Б.Қ-мен бірге Сұрақ кейіпкеріне және бізге Киелі кітаптың Құдай берген нұсқаулық екенін түсінуге көмектеседі. Ол бізге Құдаймен және басқалармен қарым-қатынаста тұрып, Ізгі хабардың шындығына қалай куәгер болуды көрсетеді.

Киелі кітап уақытының силлабусы

	0-деңгей (мектепке дейінгі жас) 1-деңгей (5-7 жас) 2-деңгей (8-10 жас)	3-деңгей (11-13 жас)	4-деңгей (14 жастан жоғары)
БАСТАУШЫ БӨЛІМДЕР	Кіріспе. КБҚ және оның достары	Кіріспе. КБҚ және оның достары	Кіріспе. КБҚ және оның достары
А БӨЛІМІ	1. Жаратылыс 2. Нұх 3. Петір 4. Петір. Айқыш 5. Ыбырайым 6. Ыбырайым 7. Петір 8. Петір 9. Жақып 10. Ерте кездегі мәсіхшілер 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Жаратылыс 2. Нұх 3. Петір 4. Петір. Айқыш 5. Петір 6. Ыбырайым 7. Жақып 8. Мінажат 9. Пауыл 10. Пауыл 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Жаратылыс пен күнәға бату 2. Ерте кездегі дамулар– Жаратылыстың басталуы 3. Петір 4. Петір - Айқыш 5. Петір 6. Ыбырайым 7. Жақып 8. Мәсіхшілік өмір 9. Пауыл 10. Пауыл 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме
В БӨЛІМІ	1. Мәсіхтің өмірі 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Астарлы әңгімелер 6. Жүсіп 7. Жүсіп 8. Исаны кездестірген адамдар 9. Мұса 10. Мұса 11. Мұса 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Астарлы әңгімелер 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Ерте кездегі мәсіхшілер 6. Жүсіп 7. Жүсіп 8. Ізгі хабарды жазушылар 9. Мұса 10. Мұса 11. Мұса 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Астарлы әңгімелер 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Ерте кездегі мәсіхшілер 6. Жақып пен оның отбасы 7. Жүсіп 8. Елш.іст. 2:42 – Алдағы жол 9. Мұса 10. Мұса 11. Заң 12. Исаның туылуы туралы әңгіме
С БӨЛІМІ	1. Даниял 2. Тағы басқа кереметтер 3. Исаны кездестірген адамдар 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут және Самуил 6. Дәуіт 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Жүніс 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Даниял 2. Исаны кездестірген адамдар 3. Тағы басқа кереметтер 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут 6. Самуил 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Құдай қолданған адамдар. Көне Өсиет 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Даниял 2. Исаның сөздері 3. Жаратқан Иенің құдіреті 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут 6. Самуил 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Көне Өсиеттегі басқа кейіпкерлер 12. Исаның туылуы туралы әңгіме

A5 1-әңгіме**Ыбырамның көшіп шығуы**

*Ескеру: Ыбырам мен Сарайдың есімдері Жаратылыстың басталуы 17-тарауда Ыбырайым және Сара болып өзгереді.

	Біздің үйренетініміз: • Ыбырам Құдайға мойынсұнып, Ур қаласынан шығып, жаңа жерге көшті. • Мәсіхшілер Құдайға мойынсұнуы арқылы Оған сенім артатындарын көрсетеді. Негізгі аят: Нақыл сөз 3:5 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 12:1-9
ТАНЫСТЫРУ	• Балалармен жаңа үйге көшу ерекшелігінің қандай болатыны туралы сөйлесіңіз. • Өздерінің туып - өскен үйін тастап, алыс елге көшкенде олар қандай сезімде болар еді? Қуаныш па, уайым ба әлде жабырқау ма немесе бақыт па? Осы сезімдердің қайсысын бастан кешер еді? Себептерін талқылаңыз. • Ыбырамды балаларға таныстырыңыз және оның Ур қаласындағы өмірінің (отбасы, достары, үйі, малдары, байлығы, т.б.) қандай болғанын түсіндіріңіз. Оның өмірі тамаша болды.
ҮЙРЕТУ	• Бір күні Құдай Ыбырамға: «Сен еліңді, туған-туысқандарыңды және әкеңнің үйін тастап, Мен өзіңе көрсететін елге көш!» - деді. (Жарат.баст. 12:1). Құдайдың айтқандарының қайсысы Ыбырамға қиын болды? (Өз үйіндегі тамаша өмірінен бас тарту және қайда бара жатқанынан хабарсыз болу.) • Құдай Ыбырамға уәделер берді. (Жарат.баст. 12:2-3). Құдай берген уәделердің барлығы жақсы болғанын түсіндіріңіз. Мысалы, үлкен халық пен ұлы есім. Ол Ыбырамды жарылқағысы келді. Құдай біреуді жарылқағанда, Өзінің игі Құдай екенін паш етеді. • Ыбырам Құдайға мойынсұнды. (Жарат.баст. 12:4). Ыбырам неліктен мойынсұнды деп ойлайсыңдар? (Ол Құдайға және Оның уәделеріне сенді.) • Ыбыраммен бірге болған адамдарды таныстырыңыз. Оның әйелі - Сарай, інісінің ұлы - Лут, Ыбырамның қызметшілері және оған жол көрсету үшін Құдай да Ыбыраммен бірге болды. Шөл даладағы ұзақ жолда олардың түйеге мініп жүргенін және шатырларда қонғанын сипаттаңыз. • Ақырында, Ыбырам Қанахан жеріне келіп жетті. (Жарат.баст. 12:6-9). • Қазір Ыбырам қандай сезімде? Құрбандық ұсынатын орын жасау арқылы Ыбырам Құдайға өз ризашылығын білдірді. • Бүгінгі күні мәсіхшілер Құдайға қандай жағдайларда сенім артуы тиіс екені жайында сөйлесіңіз. Мысалы, ауруға шалдыққанда, қиыншылыққа тап болғанда, т.б. • Құдайға сенім арту дегеніміз өз амалымыз бен қабілетімізден гөрі Құдайдың жұмыс атқаратынына сенуді білдіретінін Киелі кітап үйретеді. Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Ыбырамның көшіп шығуы.
ҮЙРЕНУ	Нақыл сөз 3:5 негізгі аятты үйретіп, түсіндіріңіз. Бұл аят Ыбырамның не істегенін, яғни, өз ақылына сүйенбей, Құдайға шын жүректен сенім артқанын сипаттайтынын түсіндіріңіз.
ЕСТЕ САҚТАУ	Балалардың келесі сөйлемдерге «ИӨ» немесе «ЖОҚ» деп жауап берулерін сұрап, әңгімені қайталаңыз: • Құдай Ыбырамға сөйледі. • Ыбырам елде болған аштықтың себебінен елінен көшті. • Құдай Ыбырамды жарылқайтынын уәде етті. • Ыбырам елінен кеткенде 70 жаста болды. • Ыбырам қайда бара жатқанын білді. • Ыбырамның Лут деген ұлы болды. • Құдай Ыбырамды Қанахан жеріне жетелеп алып келді. • Ыбырам жаңа елде үйде тұрды. • Ыбырам Құдайға мойынсұнып, Оған сенім артты. • Киелі кітап Құдайдың әркімнің Өзіне сенім артып, мойынсұнғанын қалайтынын үйретеді.

A5 2-әңгіме **Ыбырам мен Лут**

*Ескерту: Ыбырам мен Сарайдың есімдері Жаратылыстың басталуы 17-тарауда Ыбырайым және Сара болып өзгереді.

	Біздің үйренетініміз: • Лут өзімшілдікпен таңдау жасап, ақырында бұл дұрыс таңдау болмай шығады. • Біздің таңдауымыз басқаларға кері әсерін тигізбеуі тиіс. Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 13:15 немесе Філіпіліктерге 4:19 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 13:1-18
ТАНЫСТЫРУ	• Балалардың қандай таңдау жасайтындары және басқалардың бірінші болып таңдау жасауына жол беру қажеттігі туралы әңгімелесіңіз. • Ұрсысу/дауласу/төңірегінде ой бөлісіп, бұл жаман қасиеттің достық қарым-қатынасқа тигізетін зияны туралы бөлісіңіз.
ҮЙРЕТУ	• Ыбырам мен Луттың қызметкерлерінің арасында мал жайылымына байланысты дау-жанжал туындады. (Жарат.баст.13:5–7). • Ыбырам дау-жанжалдың жақсы емес екенін білді. Сол себептен ол Луттың бірінші болып малдарына жақсы жер таңдауына жол берді. (Жарат.баст.13:8–9). • Мына табиғат көрінісін суретпен сипаттаңыз: Иордан аңғарының жайылымы тегіс әрі шөбі шүйгін, сулы жері немесе жайылымы соншалықты жақсы емес, айналасы тау-таспен қоршалған жер. Лут өзі көріп тұрған бір-біріне қарам-қайшы осы екі жердің біреуін таңдауы тиіс болды. Лут қай жерді таңдайды деп ойлайсыңдар? • Луттың таңдауы. (Жарат.баст. 13:10–13). Лут неліктен осы таңдауды жасады? (Ол бір қарағанда керемет болып көрінген, адам көзін қызықтыратын жерді өзіне алғысы келді). Лут ашкөз әрі өзімшіл адам еді. Кейбір кезде біз де сондай болып кетеміз. Алайда Луттың таңдауы өзі ойлағандай жақсы таңдау болмады. Себебі сол жерлерді мекендейтіндер Құдайға ұнамсыз халықтар болды. • Ыбырам мен Лут бір-бірінен бөлініп кетті, бірақ Құдай Ыбырамның көріп тұрған жерлерінің бәрін болашақта оған және оның ұрпағына беретінін Ыбырамға уәде етті. (Жарат.баст. 13:14–18). • Егер сен Ыбырамның орнында болсаң, қандай сезімде болар едің? Өзіңді алданып қалғандай сезінер ме едің? (Ыбырамның таңдауы Луттың таңдаған жерлерінен әлдеқайда жақсырақ екенін әрі оған деген Құдайдың уәделері болғанын нақтылап айтыңыз). • Лут нашар таңдау жасады. Біздің таңдауларымыз айналамыздағы адамдарға әсер ететіндіктен, даналықпен шешім қабылдау өте маңызды. • Құдай біз үшін ненің ең жақсы екенін біледі және Ыбырамға жасағандай біздің де мұқтаждығымызды толықтай қамтамасыз ете алады. Бұл туралы бізге Киелі кітап үйретеді. Құдайдың Өз уәдесін қашан да орындайтынына кәміл сенуге болады. Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Ыбырам мен Лут.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аяттардың біреуін үйретіп, түсіндіріңіз. Жаратылыстың басталуы 13:15 (Құдай Өзінің уәделерін Ыбырамның есіне түсіреді) немесе Філіпіліктерге 4:19 (Құдай Өзінің даңқы үшін бергендерін қолданатындарды жарылқайтынына уәде береді.)
ЕСТЕ САҚТАУ	Әңгіме Ыбырамның құрбандық ұсынатын орын тұрғызуымен аяқталады. Сұраққа дұрыс жауап берген бала өз тобында ойын тасын лақтырып, түскен саны бойынша тас жинай алады. (Жарат.баст.13:1–6). Нағыз тасты қолдануға немесе тастың суретін алуға да болады. Жеңіске жеткен топта құрбандық ұсынатын орын жасауға тас көбірек болады. • Ыбырамның бай адам болғанын қайдан білеміз? • Дау-жанжалды тоқтату туралы кім шешім қабылдады? • Кім бірінші болып таңдау жасады? • Лут қай өзенді көрді? • Лут қай жаққа қарай көшті? • Луттың таңдаған жерінде не дұрыс болмады? • Құдай Ыбырамға қай жаққа қарауды айтты? • Құдай Ыбырамға нені уәде етті? (Жер және отбасы(ұрпақ)) • Ыбырам өзі тұрғызған құрбандық ұсынатын орында не істеді? • Киелі кітап Құдайдың уәделері туралы не айтады?

A5 3-әңгіме**Құдайдың Ыбырамға берген уәделері**

*Ескерту: Ыбырам мен Сарайдың есімдері Жаратылыстың басталуы 17-тарауда Ыбырайым және Сара болып өзгереді.

	Біздің үйренетініміз: - Құдай болашақты біледі және Ол болашақта болатын жағдайлар туралы да уәде бере алады. Бұл туралы бізге Киелі кітап үйретеді. - Құдай біздің Өзінің уәделеріне сенім артқанымызды қалайды. Бұл туралы бізге Киелі кітап үйретеді. Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 15:6 немесе 1 Қорынттықтарға 10:13 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 15:1-7, Жаратылыстың басталуы 17:1-16
ТАНЫСТЫРУ	- Балаларға берілетін уәденің мысалдарын келтіріңіз. (Мысалы: «Бөлменді жинағаннан кейін, кәмпит беремін», т.б.). Уәденің орындалуын күткен кезде, сол уәдені берген адамға сенімділік танытудың маңыздылығы мен уәденің нақты орындалуын күтіп жүрген кезде болатын қуаныш сезіміне балалардың назарын аударыңыз. - Пенде болғандықтан, біздің берген уәдемізде тұрмай қалатын кездеріміз болады, алайда Киелі кітап Құдайдың әрқашан Өз уәдесін орындайтынын айтады.
ҮЙРЕТУ	- Құдай Ыбырамға аян беріп, ұлды болатынын уәде етеді. (Жарат.баст. 15:1, 4). Мұны Құдайдың Ыбырамға берген алдыңғы уәделерімен байланыстырыңыз. (Жарат.баст. 12:2-3). Жасы 90-нан асқан Ыбырамға бұның қандай тамаша хабар болғанын жеткізіңіз. - Құдай Ыбырамға жұлдыздарды көрсетіп, оның үрім-бұтағы жұлдыздай сансыз көп болатынын айтты. (Жарат.баст. 15:5) Жұлдыздарды санап шығудың мүмкін емес екендігін көз алдарыңа елестетіп көріндерші! Балаларды жұлдыздарды тамашалап қарауға шақырыңыз. Олар қалай жаратылды? - Ыбырам Құдайдың уәдесіне сенді. (Жарат.баст. 15:6). Ыбырамның Құдайға неліктен сенгенін зерттеңіз. - Құдай Ыбырам мен Сарайға жаңа есімдер берді. (Жарат.баст. 17:5, 15) Ыбырайымның жаңа есімі «Көптің атасы» дегенді білдірді. Осылай Ыбырайым Құдайдың уәделерін еш ұмытпайтын болды. - Мәсіхшілер Киелі кітаптағы Құдайдың Сөзі бізге де арналған Құдайдың уәделері бар екеніне сенеді. Біз Құдайға сенім артқанда, Оның бізге берген уәделерінен бірнеше мысалдар келтіріңіз. (Мысалы, біз Құдайға сенім артсақ, Ол бізге күш беруге, бізді ешқашан тастап кетпеуге, қорқынышымызды алып тастауға, даналық беруге уәде етті.) - Құдайдың айтқанына сенгенде, Оның бізге риза болатынын Киелі кітап үйретеді. Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Құдайдың Ыбырамға берген уәдесі.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аяттардың біреуін балаларға үйретіп, түсіндіріңіз. Жаратылысты басталуы 15:6 (Ыбырам Құдайға сенгенде, Құдайдың оған риза болғанын түсіндіріңіз) немесе 1 Қорынттықтарға 10:13 (Құдай бізге адал). Адал дегеніміз Құдайдың Өз уәделерін орындауға тәуелді бола алатынын білдіреді.
ЕСТЕ САҚТАУ	- Құдай Ыбырамды кімнің атасы етуге уәде берді? - Құдай Ыбырамның аянында қандай уәде берді? - Ыбырамның әйелі кім? - Құдай Ыбырамға нені көрсетті? - Құдай жұлдыздарды немен салыстырды? - Құдай Ыбырамға осы уәдені бергенде, ол не істеді? - Ыбырамның жаңа есімі қандай болды? - Сарайдың жаңа есімі қандай болды? - Киелі кітап Құдайдың уәделері туралы бізге не үйретеді? «Сену» деген сөз нені білдіреді?

A5 4-әңгіме

Ыбырайым мен оның қонақтары

*Ескерту: Ыбырам мен Сарайдың есімдері Жаратылыстың басталуы 17-тарауда Ыбырайым және Сара болып өзгереді.

	Біздің үйренетініміз: • Киелі кітап жазылмай тұрғанда, Құдай Өзінің хабарын әр түрлі жолдармен жеткізіп отырды. Бүгінгі үзіндіде үш маңызды хабаршылар Ыбырайымға Құдайдың хабарын жеткізді. • Құдай Өзінің уәделеріне берік және Ол үшін тым қиын іс жоқ. Бұл туралы бізге Киелі кітап үйретеді. Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 18:14 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 18:1-15, 21:1-7
ТАНЫСТЫРУ	• Күтпеген уақытта үйіңізге қонақтар келіп қалса, сіздердің мәдениетте үй иесі қандай іс-әрекеттер жасайтыны жөнінде әңгімелесіңіз. Мұны көрсету үшін әр түрлі заттарды пайдалануға болады немесе қонақтарды қалай қарсы алу туралы балаларға қысқаша рөлдерді ойнатса да болады. • Ыбырайымға қонақтардың келе жатқан уақытының көрінісін сипаттаңыз. Түс мезгілі. Күн ыстық. Ыбырайым шатырдың кіре берісінде демалып отырған болатын. Біреулер жақындап келе жатты. Олар кімдер болды екен?
ҮЙРЕТУ	• Ыбырайым қонақтарды қарсы алып, оларға су әкеліп, тамақ әзірледі. (Жарат.баст. 18:2–8). Сараның іс-әрекетін түсіндіріңіз. Осы әңгімені айтқанда, әр түрлі сезімдерді пайдаланыңыз. Шыжыған күн, аяқтарына құйылған салқын су, дәмді тағамдардың иісі ... • Қонақтар тамақтанып болған соң, олар Ыбырайымға Сараның келесі жылы ұлды болатыны туралы хабарды жеткізді. (Жарат.баст. 18:9, 10). Қонақтар мұны қайдан білді? Қонақтардың кімдер екенін түсіндіріңіз. Олар көктен түскен Құдайдың хабаршылары болатын. Олардың біреуі – Иса, ал қалған екеуі періштелер еді. Осы хабарды естігенде, Ыбырайымның қандай сезімде болғанын талқылаңыз. Құдайдың уәдесінің орындалуына аз уақыт қалды! • Сара күліп жіберді, себебі бұл мүмкін емес деп ойлады. Бірақ Құдай мүмкін емес нәрсені істеуге уәде берді ғой! (Жарат.баст. 18:11–15). Сара күлгенде, Құдай қандай сезімде болды екен? Талқылаңыз. • Бір жылдан кейін, Сара ұлды болды. (Жарат.баст. 21:1–7). Олардың қандай зор бақытқа кенелгендерін айтыңыз. Құдай Өз уәдесінде тұрды ма? 2-деңгейдің балаларына Ысқақ деген есімнің нені білдіретінін түсіндіріп кетсеңіз де болады. («Күледі»). • Киелі кітапта Құдайдың Өз уәдесінде тұратынына біздің кәміл сенуімізге болатынын үйретеді. Ол үшін тым қиын іс жоқ және Ол әлі күнге дейін сондай Құдай! Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Ыбырайым мен оның қонақтары.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты үйретіп, түсіндіріңіз. Жаратылыстың басталуы 18:14 Құдайдың құдіретті екенін еске түсіру мәсіхшілер үшін барлық жағдайда Құдайдан көмек сұрауға жігер береді.
ЕСТЕ САҚТАУ	Мынау – әңгімеге қатысты сауалнама сұрақтары. Осы сұрақтарды қолдануға болады немесе өз сауалнамаңызда A5 бөліміндегі төрт әңгімеге негіздеп, әр түрлі сұрақтар қойсаңыз болады. • Қонақтар қай мезгілде келді? • Сол мезгілде Ыбырайым қайда болды? • Ыбырайым Сараның не істеуін сұрады? • Олар тағы қандай тамақ жеді? • Хабаршылар хабарын айтып жатқанда, Сара қайда болды? • Сара неліктен күлді? • Қанша уақыттан кейін Сараның ұлды болатыны айтылды? • Баланың атын кім деп қойды? • Ысқақ туылғанда, Ыбырайым қанша жаста еді? • Ыбырайым мен Сараның қуанышының екі себебін ойлаңдар. (Ұлды болды, Құдай Өз уәдесін орындады.) Қойылым: Балалар бұл әңгіменің бірінші бөлігін қойылым етіп көрсеткенді ұнатады. Барлық әрекеттерді өте саналы түрде жасаңыз. Ересек көмекшілер Ыбырайым мен Сараның, қызметшілері мен қонақтардың рөлін ойнай алады. Егер топ шағын болса, балалар рөлдерді мимикамен немесе сөйлеп ойнай алады.

0-2 деңгей

Bible Educational Services is registered as a charity in the UK. CIO 1186004.

А6 1-әңгіме
Ыбырайым Құдайды жақсы көрді және Оған мойынсұнды

	Біздің үйренетініміз: • Ыбырайым Құдайды барлық нәрседен жоғары қойып, Оны жақсы көрді. • Киелі кітап біздің де Құдайды бар жүрегімізбен жақсы көруге тиіс екенімізді үйретеді. Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 22:8 немесе Заңды қайталау 6:5 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 22:1-14 (0-деңгей), 1-19 (1-деңгей), 1-9 (2-деңгей)
ТАНЫСТЫРУ	• Балалар өмірінде нені ең маңызды деп санайтынын айтып берулерін сұраңыз. Сенің өміріңдегі ең маңызды нәрсе не? Ол неліктен маңызды? • Егер осы маңызды деп санағандарынан бас тартуға тура келсе, олар қандай сезімде болатындарын сұраңыз. Олар осы маңызды нәрселерді басқа біреуге беруге келісер ме еді? Егер осыны алып қойса, олар қандай сезімде болар еді? Бүгінгі әңгіме Ыбырайымға өте маңызды болған бір нәрседен бас тартуы қажет болғаны туралы екенін түсіндіріңіз.
ҮЙРЕТУ	• Құдай Ыбырайым мен Сараға берген уәдесін орындап, оларға ұл сыйлады. Оның аты Ысқақ болатын. Олар оны қатты жақсы көрді. (Жарат.баст. 21:1-3). • Бір күні Құдай Ыбырайымға Ысқақты ертіп алып, Мория деген тауға баруын бұйырды. Сол кезде Ысқақтың жасөспірім кезі еді. Құдай Ыбырайымның Ысқақты Өзіне құрбандыққа беруін қалады. Құдай Ыбырайымның Өзіне деген сүйіспеншілігін сынамақ болды. Бұл жағдай Ыбырайымды қатты қайғыртса да, ол Құдайға сенім артып, Құдайдың өзіне бұйырғанын орындады. (Жарат.баст. 22:1-2). Ыбырайым Құдайды бар жүрегімен жақсы көрді. Ол Құдайдың тілін алды. Құдай оған өте қиын тапсырма берсе де, Ыбырайым мойынсұнуға дайын болды. • Таңертең ерте Ыбырайым жолға керектінің бәрін дайындады. Ол құрбандық өртеуге арналған отын дайындап, есекті ерттеп, екі қызметшісін ертіп жолға шықты (Жарат.баст. 22:3). • Олар үш күн өткенде, Құдай таңдаған тауға жетті. Ыбырайым есекпен бірге екі қызметшісін сол жерде қалдырып, оларға өздерін күтуді бұйырды. Ысқақ отынды арқалап жүрді, ал әкесі қолына пышақ пен шоқ салынған ыдысты ұстады. (Жарат.баст. 22:4-6). • Тауға көтеріліп бара жатқанда, Ысқақ әкесінен: «...құрбандыққа шалынып, өртелетін қой қайда?» - деп сұрады. Ыбырайым: «Ұлым, Құдай құрбандыққа шалынып, өртелуге қажетті қойды Өзі береді», - деді. (Жарат.баст. 22:7-8) • Ыбырайым Құдайды жақсы көргендіктен, Оған мойынсұнды. Құдай біздің Оны бар жүрегімізбен сүйгенімізді және Оның айтқанының бәрін орындағанымызды қалайды. Бұл туралы бізге Киелі кітап үйретеді. Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Ыбырайым Құдайға мойынсұнды.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты үйретіп, түсіндіріңіз. Жаратылыстың басталуы 22:8 (Құдайдың беретініне сенім арту) немесе Заңды қайталау 6:5 (Құдайды бәрінен де жақсы көру).
ЕСТЕ САҚТАУ	• Ыбырайымның ұлының есімі кім? • Ыбырайымға Құдай көрсеткен таудың аты қандай? • Ыбырайым өзімен бірге қанша қызметшісін ертіп алды? • Ыбырайым өзімен қандай малды ала барды? • Олар тауға қанша күнде жетті? • «...қажетті қойды Өзі береді», - дегенде Ыбырайым Кім туралы айтты? • Ыбырайым бәрінен және барлық нәрседен де жоғары Кімді жақсы көрді? • Киелі кітапта біз бар жүрегімізбен Кімді сүюіміз керек екені жазылған?

А6 2-әңгіме
Құдайдың қамқорлығы 0-1 деңгей
Ыбырайым Құдайға мойынсұнды 2-деңгей

	А6 - 0-1 деңгей 2-әңгіме. Құдайдың қамқорлығы	А6 – 2-деңгей 2-әңгіме. Ыбырайым Құдайға мойынсұнды
	Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 21:8-20 Негізгі аят: 1 Петір 5:7 Біздің үйренетініміз: 1. Құдай Ажар мен Ысмағұлды қамқорлады. 2. Киелі кітап Құдайдың бізге не керек екенін білетінін және бізге де қамқорлық көрсететінін үйретеді.	Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 22:9-14 Негізгі аят: Ғалаттықтарға 2:20 Біздің үйренетініміз: 1. Ыбырайым Құдайға мойынсұну үшін өзінің жалғыз ұлын өлтіруге дайын болды. 2. Құдай Ысқақтың орнына құрбан болатын қошқарды дайындап қойды. Киелі кітап біздің айқыштағы орнымызға Құдайдың Исаны бергені туралы үйретеді.
ТАНЫСТЫРУ	• Балалар табиғаты соншама ыстық елдерде болып көрді ме? Сол туралы сұраңыз. Сол жақтағы күн оларға қалай әсер етті? • Бүгінгі әңгіме арқылы Ажар мен Ысмағұлдың сусыз, тамақсыз шыжыған күннің астында қалып қойғанын түсіндіріңіз.	• Балалардан өмірінде жасап көрген өте қиын тапсырма туралы сұраңыз. Сол туралы бөлісуге жігер беріңіз. Олар қандай сезімде болды? • Бүгінгі әңгімеде Құдай Ыбырайымның ойына да келмеген бір сұмдық әрекетті жасауды, яғни, өзінің жалғыз ұлын өлтіруді бұйырды. Ыбырайымның Құдайға сенім артуына тура келді.
ҮЙРЕТУ	• Сара мен Ажардың, Ысмағұл мен Ысқақтың араларындағы қарым-қатынас шиеленісіп кетті. • Ысмағұл Ыбырайымның тұңғыш әрі туған ұлы болатын, оны анасы Ажармен бірге үйден қуып жіберу туралы ой Ыбырайымға ұнамады. (Жарат.баст. 21:11). • Құдай Ыбырайымды жұбатып, Ысмағұлдың ұрпақтарынан да халық таратуға жоспары бар екенін айтты. • Таңертең ерте Ыбырайым Ажарға біраз тамақ пен су құйылған месті беріп, Ысмағұл екеуін жолға шығарып салады. • Ұзақ уақыт өтпей Ажар мен Ысмағұлдың тамағы мен суы таусылып, олар өте ыстық, құрғақ иен далада адасып кетеді. • Ажар Ысмағұлды бір бұтаның көлеңкесіне жатқызады. Өзі ұлының өлімін көруге тиісті екенін ойлап, өксіп жылап жібереді. • Құдай Ысмағұлдың жылап жатқан даусын естіп, Ажардың қатты уайымдағанын білді. • Ол Ажарға Ысмағұлды тұрғызуын бұйырды. Құдай Ысмағұлдан бір үлкен халықты өрбітіп тарататынын айтып, Ажарды жұбатты. • Құдай Ажардың көзін ашып, құдықты көрсетті. • Ажар баласының шөлін қандырды. Ысмағұл өскен кезде де Құдай оған жар болды. • Киелі кітап бізге не қажет екенін Құдайдың білетінін және бізге де қамқор болатынын үйретеді. Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Құдайдың қамқорлығы.	• Ыбырайым Құдай өзіне көрсеткен тауға жетуі үшін үш күн жол жүрді. • Ыбырайым Құдайға толық мойынсұнды. Ол Құдай үшін бөрінен бас тартуға, тіпті, өзінің қымбатты ұлын құрбандыққа беруге де дайын болды. Ол Ысқақты байлап, құрбандық үстеліне жатқызды. • Ыбырайым пышағын алып, ұлын бауыздамақ болған сәтте Жаратқан Иенің періштесі оған көктен дауыстап, Ысқаққа қол көтермеуін бұйырды. (Жарат.баст. 22:12). • Ыбырайым Құдайдың нұсқауларын орындауы арқылы өзінің Құдайды қаншалықты сүйетінін көрсетті. • Содан кейін Ыбырайым қалың бұтаның ішінде мүйізінен шырмалып қалған қошқарды көрді. Құдай Ысқақтың орнына құрбан болатын құрбандықты Өзі берді. (Жарат.баст. 22:13). • Киелі кітап Құдайдың жалғыз Ұлы Исаны осы әлемге Құрбандық болуы үшін жібергенін үйретеді. Ол Өз еркімен айқыш ағашта біздің орнымызға құрбан болды. Енді Оған деген сеніміміздің арқасында біз Құдайдың алдында кешірімге ие болдық. Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Ыбырайым Құдайға мойынсұнды.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты үйретіп, түсіндіріңіз. 1 Петір 5:7	Негізгі аятты үйретіп, түсіндіріңіз. Ғалаттықтарға 2:20
ЕСТЕ САҚТАУ	• Ажардың ұлының есімі кім? • Ажар Ысмағұлды күннің ыстығынан көлеңкелеу үшін қайда жатқызды? • Осы сәтте Ажар қандай сезімде болды? • Ысмағұлдың жылаған даусын Кім естіді? • Құдай Ажардың көзін ашқанда, ол нені көрді? • Құдайдың қамқорлығы туралы Киелі кітап не айтады?	• Ыбырайым мен Ысқақтың сапары неше күнге созылды? • Ыбырайым Құдайға «мойынсұнды». Бұл нені білдіреді? • Ыбырайым Ысқақты байлап, құрбандық үстеліне жатқызғанда, ол қандай сезімде болды деп ойлайсыңдар? • Ыбырайым пышағын көтерген сәтте не болды? • Ыбырайым құрбандық үстелінде Ысқақтың орнына құрбандыққа шалынатын нені көрді? Құрбандық ретінде келген Иса туралы Киелі кітап не айтады?

А6 3-әңгіме
Құдайдың көмегі

	Біздің үйренетініміз: - Қызметші Құдайдан көмек сұрағанда, Құдай оған көмектесті. - Егер біз көмек сұрасақ, Құдай бізге де көмектеседі. Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 24:27 немесе Ишая 41:10 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 24:1-21 (0-деңгей), 1-28 (1, 2 деңгейлер)
ТАНЫСТЫРУ	- Балалардан өздеріне көмек беретін адамдар туралы ойлануларын сұраңыз. Сендерге кім көмек береді? Олар сендерге қандай көмек береді? Осы адамдар сендерге көмек берген кезде, сендер не сезінесіңдер? - Балалардың басқа біреуге өздері көмек көрсеткен кездері туралы бөлісулеріне мүмкіндік беріңіз. - Бүгінгі әңгіме Құдайдың біреуге көмек бергені жайында екенін түсіндіріңіз.
ҮЙРЕТУ	- Ыбырайым жасы ұлғайып, қартайған еді. Бірақ ол өлмей тұрып, Ысқақтың үйленіп, бақытты болғанын қалады. Сондықтан ол ұлына әйел іздестіру туралы бас қызметшісіне нұсқаулар берді. Ол қызметшісіне Құдайдың дұрыс әйелге жетелеп апаратынына сенім артуын тапсырды. (Жарат.баст. 24:1-9). Ыбырайым қызметшісіне Ысқаққа әйел тауып әкелу туралы бұйырғанда, қызметшісі қандай сезімде болды? - Қызметші Ыбырайымның он түйесін алып, жолға шықты. Ол көп күн жол жүріп, Нахор қаласының жанындағы құдыққа келіп тоқтады. Бұл қыз-келіншектер су алуға келетін кешкі мезгіл болатын. (Жарат.баст. 24:10-11). - Қызметші Құдайға мінажат етіп, осы қыз-келіншектердің ішіндегі қайсы қыздың Ысқақтың әйелі болатынын көрсетуін сұрады. Ол қыздардың біреуінен су сұрамақ болды және егер бойжеткен оған су беріп, оның он түйесін де суарып беруін ұсынса, қызметші оның Құдайдың Ысқаққа таңдаған қалыңдығы екенін білетін болады. (Жарат.баст. 24:12-14). - Сол кезде ол құдыққа қарай келе жатқан сұлу қызды көрді. Оның аты Рабиға болатын. Қызметші одан су сұрағанда, Рабиға оған қуана-қуана су беріп, түйелерінің шөлі қанғанша суарып та береді. Сол сәтте қызметші не ойлады екен? Қандай сезімде болды? (Жарат.баст. 24:15-21) - Ол Ыбырайымнан алып келген сыйлықтарын берген соң, қыздың әкесінің үйінде түнеп шығуға орын сұрады. Рабиға орынның көп екенін айтқанда, қызметші Жаратқан Иенің алдында иіліп, мінажатына жауап беріп, дұрыс қызды табуға көмектескені үшін, Құдайға алғысын білдірді. (Жарат.баст. 24:22-27). - Сендерге қиын тапсырмалар берілген сәттер болды ма? Осыған ұқсас мысалдар келтіріңіз. - Қызметші Кімнен көмек сұрады? - Киелі кітап біздің де таңдау жасап, шешім қабылдаған кездерімізде Құдайдың көмек беріп, жетелегісі келетіні туралы үйретеді. Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Құдайдың көмегі.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты қажетті жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Жаратылыстың басталуы 24:27 (қызметшінің Құдайға алғыс айтуы) немесе Ишая 41:10 (Құдайдың бізге күш беруге уәде етуі).
ЕСТЕ САҚТАУ	- Ысқаққа қалыңдық іздеуге барған кім? - Қызметші өзімен бірге жолға қанша түйе алып шықты? - Қызметші қай жерге тоқтады? - Бұл қай мезгілде болды? - Қызметші дұрыс қызды табуға Кімнен көмек сұрады? - Құдық басына келген қыздың есімі кім болатын? - Ол қызметшіге көмектесу үшін не істеді? - Құдайдың көмектескенін түсінгенде, қызметші не істеді? Уақыт қалса, балалар өздерінің басқаларға көмектесіп жатқаны туралы сурет салуларына болады

A6 4-әңгіме
Құдайдың таңдауы

	Біздің үйренетініміз: • Рабиға мен Ысқақ Құдайдың жоспарымен жүріп, бақытты өмір сүрді. • Құдайға сенім артатындардың шынайы бақытқа ие болатынын Киелі кітап үйретеді. Негізгі аят: Забур 143:15 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 24:22-67 (0-деңгей), 28-67 (1, 2 деңгейлер)
ТАНЫСТЫРУ	• Балалар үйлену тойында болып көрді ме екен? Сол туралы сұрап көріңіз. Кімнің үйлену тойында болды? Олар қандай киім киді? Үйлену тойында не болды? Қалыңдық пен күйеу жігіт бақытты көрінді ме? • Балаларға бүгінгі әңгіме Киелі кітап заманында болған үйлену тойы туралы екенін айтыңыз. Бұл басқа елдерде өтетін тойдан басқаша болуы мүмкін.
ҮЙРЕТУ	• Осыған дейін болған оқиғаны балалардың есіне түсіріңіз. • Рабиға құдық басында болған оқиғаны айтып беру үшін, үйіне қарай жүгіріп кетті. Оның ағасы Лабан жылдам құдыққа қарай бет алды. Ол қызметшіні шақырып, үйіне алып келді. Алайда қызметші тамақтан дәм татпай тұрып, Рабиғаның отбасына өзінің келу себебін айтып берді. (Жарат.баст. 24:28-49). • Лабан мен әкесі екеуі де қызметшіні Рабиғаға тура жетелеп әкелген Құдайдың Өзі екеніне келісті. Олар көп кешіктірмей-ақ Ысқақтың әйелі болуға Рабиғаны қызметшінің өзімен бірге алып кетуіне рұқсат берді. Қызметші мінажатына жауап бергені үшін Құдайға алғыс айтты. Содан кейін ол алып келген көп сыйлықтарын Рабиға мен оның отбасына сыйлады. (Жарат.баст. 24:50-53). • Таңертең олар Рабиғадан қызметшіге еріп, Ысқаққа күйеуге шығуға даярлығын сұрағанда, Рабиға келісті (Жарат.баст. 24:54-61). Рабиға қандай сезімде болды екен? (қобалжыған шығар, себебі ол Ысқақты да, оның отбасын да бұрын көрмеген. Сонымен қатар, ол қуануы да мүмкін, себебі бұл Құдайдың жоспары екені анық.) • Ал Ысқақ болса, Ыбырайымның үйінде қызметшінің қайта оралуын күтіп жүрді және ол жақта не болып жатқаны туралы ойланды. Бір күні кешке ол далада жүргенде, келе жатқан керуенді байқады. Көп уақыт өтпей, ол Рабиғаны қарсы алып, анасының шатырына кіргізді. Ысқақ Рабиғаны қатты ұнатты және ол Ысқақтың әйелі болды. (Жарат.баст. 24:61-67). • Ысқақ өзінің қалыңдығын көргенде, қандай сезімде болды деп ойлайсыңдар? (Ол қатты қуанған болар және қобалжыған да шығар, өйткені ол Рабиғаны бұрын ешқашан кездестірмеген еді ғой. Бірақ ол Құдайдың жоспарына сенім артып, Рабиғаға үйленуге қуанышты болды.) • Ысқақ та, Рабиға да бақытты болды. Себебі олар екеуі де Құдайға сенім артып, Оның жоспарымен жүрді. • Құдай біздің де Өзіне сенім артқанымызды және Оның жоспарына сай әрекет еткенімізді қалайды. Бұл жөнінде бізге Киелі кітап үйретеді. Біз де осылай әрекет еткенде, шынайы қуаныш пен бақытқа кенелетін боламыз. Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Құдайдың таңдауы.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты үйретіп, түсіндіріңіз. Забур 144:15. Бұл аят біздің өмірімізде Құдайдың жоспары орындалғанда, біз шынайы бақытқа кенелетініміз жөнінде үйретеді.
ЕСТЕ САҚТАУ	• Рабиғаның ағасының есімі. • Қызметші тамақтан дәм татпай тұрып не істеді? • Рабиғаның жанұясы оның Ысқақтың әйелі болуына нәліктен келісті? • Қызметші Рабиғаға және оның жанұясына не сыйлады? • Олар қызметшіні Рабиғаға жетелеп әкелген Кім деді? • Рабиға қызметшімен бірге қашан кетті? • Қызметші мен Рабиға сапардан оралған кезде, оларды далада кім күтіп жүрді? • Ысқақ пен Рабиғаның бақытты болуына не себеп? • Киелі кітап шынайы бақыт туралы не айтады?

3-4 деңгей	А5 – 3-деңгей 1-сабақ. Петірдің өмірі Тақырыбы: Петірдің уағыз айтуы	А5 – 4-деңгей 1-талдау. Петірдің өмірі Тақырыбы: Алғашқы өнім мейрамы
	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Елшілердің істері 2:1-43 Негізгі аят: Елшілердің істері 1:8 Біздің үйренетініміз: - Исаның соңынан ерушілер Құдайдың сыйы ретінде Киелі Рухты қабылдады. - Петір халыққа теріс жолдарынан қайтып, Құдайдың кешіріміне ие болу туралы уағыздады.	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Елшілердің істері 2:1-42 Негізгі аят: Елшілердің істері 2:38 Біздің үйренетініміз: - Алғашқы өнім мейрамы - яһудилердің Құтқарылу мейрамынан кейін елу күн өткенде тойланатын мейрамы. - Петірдің уағызынан кейін қауым пайда болды.
ТАНЫСТЫРУ	Балалардан өмірлерінде үлкен өзгеріс болса, олар қандай сезімде болатынын сұраңыз. Жаңа мектеп, жаңа үй, отбасындағы жағдайдың өзгеруі. Иса көкке көтеріліп кетті, енді шәкірттері Оның қызметін жалғастыруға тиіс болды. Сол себептен оларды үлкен бір өзгеріс күтіп тұрғанын түсіндіріңіз.	Кейбір жанұялар үшін туған күндерді, мерейтойлар мен діни мейрамдарды атап өтудің өте маңызды екені туралы ойланып көр. Алдағы айларда болатын ерекше күндер туралы ойла. Яһудилер Алғашқы өнім мейрамын Мысырдан көшіп шыққанда және Мұса Синай тауында Құдайдың заңын қабылдаған кезде, Құтқарылу мейрамынан кейін елуінші күні тойлады.
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз: - Шәкірттер Иса уәде еткен Киелі Рухтың келуін күтіп жүрді. (Елш.іст. 1:8). - Елуінші күн мейрамында 2-3 аяттарда сипатталғандай, Киелі Рух келді. - Шәкірттер әр түрлі тілдерде сөйлей бастады. Осы ерекше мейрамды атап өту үшін Иерусалимге келген көптеген халықтар оларды өздерінің ана тілдерінде түсіне алды. - Кейбіреулер шәкірттерді көп шарап ішкендіктен, мас екен деп ойлап, айыптай бастады. - Петір орнынан тұрып, жиналған халыққа не болғанын түсіндірді. Ол Жоелдің алдын ала айтып кеткен пайғамбарлық сөзінің орындалғанын және Киелі Рухтың келгенін айтты. (Жоел 2:28-32). - Ол жиналған халықтың Исаның өліміне жауапты екендіктерін, бірақ Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілкенін батылдықпен уағыздады. - Халық мұны естігенде қатты өкінді, енді не істеулері қажет екенін сұрады. - Петір олардың теріс жолдан қайтып, шомылдыру рәсімінен өту керектігін айтты. Сол күні үш мың адам тәубе етіп, Исаның соңынан ерушілер атанды. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың үйреніп алуына жігер беріңіз. 1-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Петірдің уағыз айтуы.	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз: - Алғашқы өнім мейрамы күні шәкірттер ерекше жолмен Киелі Рухты қабылдаған еді. Осылай Исаның уәдесі орындалды. - Киелі Рух қонғанда, не болғанын түсіндіріңіз. - Петір яһудилердің Исаның өліміне жауапты екендіктерін, бірақ Құдай Оны өлімнен қайта тірілтіп, Көкке көтергенін және енді Иса Киелі Рухты жібергенін айтып уағыздады. - Осы хабарға сенгендер қауымның алғашқы мүшелеріне айналды. Бұл сол күні басталған және әлі күнге дейін жалғасып келе жатыр. - Ізгі хабарға сенген адамдармен не болғаны туралы талқылаңыз. (38-39 аяттарды қараңыз). - Өмірлерінің өзгергенін көрсету үшін олардың не істегендерін көріңіз. (42-аятты қараңыз). Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың үйреніп алуына жігер беріңіз. 1-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Алғашқы өнім мейрамы.
ҚАЙТАЛУ	- Киелі кітап Киелі Рухтың мәсіхшілерге куәлік айтуына күш беретіні туралы үйретеді. Бұл қандай мағынаны білдіреді? - Дүниежүзіне Ізгі хабар таратуды мәсіхшілер қаншалықты маңызды санайды?	- Киелі Рухтың жұмысының маңыздылығы туралы талқылау. - Мәсіхшілер үшін қауым ретінде жиналып, бірге кездесу нәліктен жақсы? - Жылдам өсіп жатқан қауым туралы біліп, оның қасиеттерін атау.
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақырылу тастайды? Талқылау. - Мәсіхші баланың мектепте Исаның куәгері бола алуының жолдары туралы талқылау. - Көп жылдар бұрын қолданылған өкіну немесе тәубе ету формаларына зерттеу жасау.	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақырылу тастайды? Талқылау. - Бүгінгі қауым үшін Алғашқы өнім мейрамы нәліктен маңызды? - Қауымға жай келіп жүру мен қауым өмірінің бір бөлігі болудың айырмашылығы туралы талқылау.

3-4 деңгей	А5 – 3-деңгей 2-сабақ. Петірдің өмірі Тақырыбы: Петірдің сауықтыруы	А5 – 4-деңгей 2-талдау. Петірдің өмірі Тақырыбы: Сал адамның сауығуы
	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Елшілердің істері 3:1-16 Негізгі аят: Елшілердің істері 3:6 Біздің үйренетініміз: 1. Киелі кітап Исаның ауру мен індеттен сауықтыра алатын құдіреті бар екенін үйретеді. 2. Егер Оған сенім артсақ, Ол біздің өмірімізді өзгерте алады.	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Елшілердің істері 3:1-26 Негізгі аят: Елшілердің істері 4:10 Біздің үйренетініміз: 1. Сал адамды шәкірттердің емес, Құдайдың құдіреті сауықтырды. 2. Құдайдың қызметін атқаруда Ол мәсіхшілерді қашан да дұрыс уақыт пен дұрыс орынға қоятынына мәсіхшілер сенеді.
ТАНЫСТЫ РУ	Петір мен басқа шәкірттер Исаның мейірімді самариялық пен «маңайындағыларды сүю» қажеттігі туралы үйреткен астарлы әңгімесін ешқашан ұмытпады. (Луқа 10:25-37). Олар осы мұқтаж адамды көргенде, Иса сияқты әрекет ету керек екенін білді.	Исаның үйреткен ең басты тәлімдерінің бірі - басқаларға қамқорлық көрсету. Ол басқаларға, әсіресе, мұқтаж адамдарға деген Өзінің сүйіспеншілігін шәкірттеріне әрдайым көрсетіп жүрді. Ол Әкесіне көтерілгенде, Өзі жасаған кереметтерден де ұлы істерді шәкірттері жасай алатынын айтты. (Жохан 14:12).
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Петір мен Жохан мінажат ету үшін ғибадатханаға бара жатыр. 2. Олар туғаннан жүре алмайтын, қырық жыл бойы сал болып қалған адамды кездестіреді. 3. Сол адам ақша сұрайды, бірақ Петір ақшадан да жақсырақ нәрсенің бар екенін, оның сауыға алатынын айтады. 4. Ол сал адамға орнынан тұруға көмектесті, сонда ол жүгіріп, секіре бастады. Ол ғибадатханаға барып, Құдайды мадақтаумен болды. Бұл ертедегі қауымда болған алғашқы керемет болатын. 5. Жұрт жиналғанда, Петір сол адамның өз күшімен немесе Петірдің құдіретімен сауықпағанын, қайта адамдар айқышқа шегелеткен Исаның атымен сауыққанын түсіндірді. (16-аятты қараңыз). 6. 16-аятта адамның сенімінің маңыздылығын ескертіңіз. Негізгі аятты түсіндіріңіз және оқушылардың оны жаттауына жігер беріңіз. 2-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Петірдің сауықтыруы.	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Алғашқы өнім мейрамынан кейін Петір мен Жохан сиыну үшін ғибадатханаға бара жатты. 2. Олар сал адамды көргенде, егер қазір Иса жандарында болғанда, не істейтінін білді. 3. Петір сеніммен сол адамға орнынан тұруға көмектесті. Сол сәтте-ақ ол сауығып кетіп, ары-бері жүріп, секіріп, ғибадатханаға барып, Құдайды мадақтаумен болды. 4. Исаның құдіреті енді шәкірттерінде Киелі Рухы арқылы көрінді. 5. Петірдің уағызының негізгі мәніне қараңыз. Иса Кім? Киелі кітап Исаның өлі не істей алатыны туралы қалай айтады? 6. Құдай Өзінің соңынан ерушілерге қазір де сауықтыру күшін бере ме? Негізгі аятты түсіндіріңіз және оқушылардың оны жаттауына жігер беріңіз. 2-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Сал адамның сауығуы.
ҚАЙТАЛАУ	1. Петір мен Жохан көмекке мұқтаж адамды көріп, оған көмектесуге шешім қабылдады. Керемет сауығу үшін олар Құдайға мадақ айтуды ұмытпады. 2. Балалардың топқа бөлініп, бүгінгі күнгі мәсіхшілердің мүгедек адамдарға көмектесу үшін жасайтын қайырымдылық қызметтері туралы зерттеу жұмысын жасауды сұраңыз. Уақыт болса, әр топ өздерінің жұмысын көрсете/баяндай алады.	1. Петір мен Жохан сиыну үшін ғибадатханаға бара жатты. Олардың мінажат етуге бағышталған құлшыныстары сал адаммен кездесуге жетеледі. Мәсіхшілер үшін қазіргі таңда мінажат ету қаншалықты маңызды болуы тиіс? 2. Петірдің Исадан танып кеткен сәтінен бастап, оның өмірінің неліктен қатты өзгеріп кеткені жайында ойлан.
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Бұл сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. 1. Кереметпен сауығып кету туралы және барлық адамдардың солай сауықпайтыны жөнінде ойлашы. 1Жохан 5:14-15 аяттарды талқылау. Құдай неліктен адамдардың азап шегуіне жол береді?	Бұл сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. 1. Петір мен Жоханның Исамен бірге уақыт өткізетін күнделікті іс-әрекеттері Исаға куәгер болуларына әсер етті. Қазіргі кезде Иса тәндік жағынан қастарында болмаса да, мәсіхшілер Оның қызметінде қалай тиімді бола алады?

3-4 деңгей	А5 – 3-деңгей 3-сабақ. Петірдің өмірі Тақырыбы: Петірдің куәлік етуі	А5 – 4-деңгей 3-талдау. Петірдің өмірі Тақырыбы: Жоғарғы кеңестің алдында
	Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 4:1-22 Негізгі аят: Елшілердің істері 4:12 Біздің үйренетініміз: 1. Петірдің өміріндегі өзгерістер Киелі Рухтың жұмысы болатын. 2. Мәсіхшілер Құдай үшін сенімде мықты тұрудың маңызды екеніне сенеді.	Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 4:1-31 Негізгі аят: Елшілердің істері 4:13 Біздің үйренетініміз: 1. Киелі кітапта Құдайдың Петірге дін басшыларының алдында куәлік етуге батылдық пен күш бергені айтылған. 2. Киелі кітап мәсіхшілердің қандай жағдай болса да, басқаларға Иса туралы айтуға дайын болулары тиіс екенін айтады.
ТАНЫСТЫРУ	Өткен сабақта не болғанын қайталаңыз. Кейбір елдерде Исаға сену, Оған куәлік ету қудалауға әкеп соқтыратынын, сол үшін, тіпті, түрмеге отырғызуы мүмкін екенін балаларға түсіндіріңіз. Бүгінгі әңгімеде Петір мен Жохан дін басшылары тарапынан қудалауға ұшырады.	Петір тағы да керемет уағыз айтты. (3-тарау) Сенімді қабылдағандардың саны 5000 адамдай болды. (4-аят). Діни басшылар Исаны айқышқа шегелеп өлтіргенде, Оның соңынан еретіндер қалмайды деп ойлады. Бірақ олардың саны күннен күнге ұлғая берді.
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Дін басылары Петірдің айтып жүрген уағзын естіп, наразы болды, себебі халыққа тәлім беру олардың жұмысы болатын. Сондай-ақ, Петір Исаның өлімнен қайта тірілгені туралы жариялап жүрді. 2. Петір мен Жохан тұтқындалып, түрмеге жабылды. 3. Келесі күні олар Иса сияқты Жоғары кеңестің (діни соттың) алдында тұруларына тура келді. 4. Олар Петірдің сал адамды қандай күшпен, кімнің атымен сауықтырғанын білгілері келді. 5. Петір оларға мұны Исаның атының құдіретімен сауықтырғанын айтты. (10-аят) 6. Дін басшылары Петір мен Жоханның батылдықтарын көріп таңғалды. 7. Оларға Иса туралы уағыздауын тоқтатуды бұйырды. 8. Петір оларға емес, қайта Құдайға мойынсұнудың жөн екенін айтты. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Петірдің куәлік етуі	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Петір мен Жохан тұтқынға алынды. 2. Жоғарғы кеңестің (яһудилердің кеңесінің) маңызды болғанын ескертіңіз. 3. Петір Исаның құдіреті сал адамды сауықтырғанын Жоғарғы кеңес алдында батылдықпен айтып, тек Исаның ғана Құтқарушы екенін түсіндірді. (12-аят). 4. Кеңес мүшелері Петір мен Жоханның батыллығын көріп таңғалды және мұның себебі олардың Исамен бірге болғандықтарынан екенін түсінді. 5. Олар Петір мен Жоханға Исаның атымен уағыз айтуларына тыйым салды. Бірақ Петір оларға Жоғарғы кеңеске емес, Құдайға мойынсұнудың жөн болатынын айтты. 6. Петір мен Жохан өз адамдарына қайтып барып, Құдайдың сөзін зор батылдықпен уағыздай алулары үшін бірге сиынып мінажат етті. Құдай олардың дұғасына қандай керемет жолмен жауап бергенін ескертіңіз. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Жоғарғы кеңес алдында
ҚАЙТАЛАУ	1. 12-аятты қараңыз және мәсіхшілердің сенімінің негізі нәліктен Иса болуы қажеттігін балалармен бірге талқылаңыз. 2. Өз сенімі үшін берік тұрған мәсіхшілер туралы ақпарат табыңыз. Мысалы, Эрик Лиддел.	1. Мәсіхшілер өздерінің сенімі мен куәліктерінде қалайша батылдық таныта алатындары жөнінде талқылаңыз. 2. «Ашық есіктер» (Open Doors) немесе «Барнабаның сенімі» (Barnabas Trust) қызметтері туралы ақпарат тауып, қудалау бар елдерде мәсіхшілердің қандай батылдықпен қызмет атқарып жатқандары туралы зерттеңіз.
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. 1. 1 Петір 2:4-5 қараңыз. Мәсіхшілер үшін «тірі тас» болу дегеннің мағынасы қандай? Талқылаңыз.	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. 1. Мәсіхшілер Киелі Рухтың жұмысына жеткілікті сүйене ме? 2. Ізгі хабарға деген қарсылық сенімнің өсуіне қалай көмектеседі?

Level 3-4	A5 – 3-деңгей 4-сабақ. Петірдің өмірі Тақырыбы: Петір түрмеде	A5 – 4-деңгей 4-талдау. Петірдің өмірі Тақырыбы: Петір түрмеде
	Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 12:1-19 Негізгі аят: 1 Жохан 5:14 Біздің үйренетініміз: 1. Қудалау Құдайдың адамдарына ықпал етеді. 2. Киелі кітап Құдайдың бізді сүйетінін және біз үшін ненің жақсы екенін білетінін үйретеді.	Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 12:1-19 Негізгі аят: 1 Жохан 5:5 Біздің үйренетініміз: 1. Тіпті, ең қиын жағдайлардың өзінде Петір сияқты Құдайға сенім артуға Киелі кітап жігер береді. 2. Құдай мүмкін емес нәрселерді жасай алады, ал қалғанын бізге қалдырады.
ТАНЫСТЫРУ	Иса осы дүниенің Оны жек көретінін, сондықтан осы дүниелік адамдар елшілер мен Құдайдың барлық адамдарын да жақсы көрмейтінін айтқан еді. (Жохан 15:18) Иса бала кезінде Ирод патшаның қолынан қаза табатындай жағдайға душар болған. Енді оның немере ұлы, яғни, екінші бір Ирод Петірді өлтірмек болды.	Петір сенімі мен тәлімі үшін тағы да түрмеге қамалды. Сотталатын күні түнде Петірдің түрмеде ұйықтап жатқанына қарап, оның сенімінің мықты болғанын көреміз. Петір кейін өзі жазған сөздердегі шындықты білді ме екен? (1 Петір 5:7)
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Ирод патша Жақыпты өлтіртті. Осы қылығы яһудилерге ұнағанын көрген ол Петірді тұтқынға алды. 2. Петір тағы да түрмеге қамалып, халық алдында сотталуын күтіп жатты. 3. Қауым бірге жиналып, ол үшін сиынды. 4. Сотталатын күнгі түнде бір періште Петірдің түрмеден қашып шығуына көмектесті. 5. Петір бауырластарының жиналып, сиынып жатқан үйіне келді. 6. Есікті ашуға барған қызметші қыз оларға Петірдің келіп тұрғанын айтқанда, оған ешкім сенбеді. 7. Ақырында, олар Құдайдың дұғаларына жауап бергенін түсінді. 8. Сенушілердің арасында болатын шынайы қарым-қатынастың маңыздылығы туралы ойланыңыз. 9. Мәсіхшілердің тұрақты мінажат етіп, Құдайдан жауап күтулері қажет екенін және өмірлеріне арналған Құдайдың еркін қабылдаулары тиіс екендігін Киелі кітап түсіндіреді. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Петір түрмеде.	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Қауым Петір үшін уайымдап, ол үшін қызу жалбарына сиынды. 2. Петірді 16 жасақшы күзетті және солардың екеуі шынжырмен байлаулы болатын. 3. Кенеттен періште пайда болып, Петірді оятып, шынжырларын шешіп, оны түрмеден сыртқа алып шықты. Петір кереметпен бостандыққа шықты. 4. Петір өзін құтқарған Құдай екенін түсінді. 5. Ол үшін қауымның сиынғанын білді, бірақ әлі де Құдайдың мүмкін емес нәрсені істей алатынына сене алмады. 6. Петірге арналған Құдайдың жұмысы бітпегені анық еді. Оның өлетін уақыты әлі келмеген болатын, сондықтан Құдай осы мәселені Өз қолына алды. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Петір түрмеде.
ҚАЙТАЛАУ	1. Мәсіхшілер тұрақты сиынуды неліктен қиын деп ойлайтындары туралы талқылаңыз. 2. Құдайдың жетелеуі жөнінде Киелі кітаптан екі аят тауып, топпен бөлісіңіз.	1. Қиындыққа тап болғанда, неліктен мәсіхшілер Құдайға сиынуы қажет? 2. Құдайдың жауап беретініне сеніп, мінажат етудің неліктен маңызды екені туралы талқылаңыз. 3. Балалардан өздері танитын біреудің мінажатына Құдайдың жауап бергені туралы мысалдармен бөлісулерін сұраңыз.
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. 1. Құдайдың жолдары неліктен кей кездері тылсым құпия болып көрінеді? Мысалы, кейбір сенушілер қудалауға ұшыраса, басқаларының өмірінде ондай жағдайлар болмайды. 2. Мәсіхшілер өз өмірлеріне арналған Құдайдың еркі не екенін қалай біле алады?	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. 1. Мәсіхшілер өздері сұрағандай, Құдайдың жауап беретініне неліктен кейде күмәнданады? 2. Үміт жоқ сияқты көрінген кездерде де, мәсіхшілер Құдайға сенім артуларын не себепті жалғастырулары керек?

3-4 деңгей	А6–3-деңгей 1-сабақ. Ыбырамның саяхаты Тақырыбы: Құдайға сенім арту	А6 –4-деңгей 1-талдау. Ыбырам Тақырыбы: Оның шақыруы
	Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 12:1-9 Негізгі аят: Еврейлерге 11:8 Біздің үйренетініміз: 1. Ыбырам сенімнің адамы болды. Өзі Құдайдың қайда жетелеп апара жатқанын білмесе де, Оған сенім артты. 2. Мәсіхшілер Құдай қайда шақырса да, біздің Оған сенім артып әрі мойынсұнып, Оның соңынан еруге тиіс екенімізге сенеді.	Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 11:27-32, 12:1-9 Негізгі аят: Елшілердің істері 7:2-4 Біздің үйренетініміз: 1. Ыбырам сенімнің адамы болды. Өзі Құдайдың қайда жетелеп апара жатқанын білмесе де, Оған сенім артты. 2. Құдай мәсіхшілерді өмірдің әр саласында Өзіне сенім артуға, соңынан еруге және мойынсұнуға шақырады.
ТАНЫСТЫРУ	• Жаңа (басқа) мектепке ауысқан балалар бар ма? Сұрап көріңіз. Басқа мектепте ауысқанда қандай қиыншылықтарға тап болдың? (жаңа тәртіптер, сол жаққа жету жолынды ұйымдастыру, жаңа достар табу және жаңа мұғалімдермен танысу туралы талқылауға болады) • Жаңа үйге қоныс аударған балалар бар ма? Ойларын тыңдаңыз. Қандай қиындықтар болды? Ыбырам мен оның жанұясы үшін басқа елге көшуде бөтен тіл, басқа тамақ, ауа-райы жағдайы, жат салт-дәстүрлер, сондай-ақ достарынан ажырау сияқты қиындықтар болған шығар.	Жаяу дебат. Балалардан өздері бұрын болып көрмеген елде тұру үшін жол жүруге жиналғандарын көз алдарына елестетіп көруін сұраңыз. Қандай қиындықтар болуы мүмкін? (Ыбырам мен оның жанұясы үшін бұл бөтен тіл, басқа тамақ, ауа-райы жағдайы, жат салт-дәстүрлер, достарынан ажырау сияқты қиындықтар болған шығар.) Мына сөздердің әрқайсысын бөлек А4 қағаздарға жазыңыз: СЕНІМСІЗДІК, УАЙЫМ, ҚУАНЫШ, КҮЙЗЕЛІС, ҚОРҚЫНЫШ. Бұл сөздерді белменің әр қабырғасына жапсырып қойыңыз. Балалардан осы жағдайда өздерін қалай сезінетінін жақсырақ сипаттайтын сөздің жанына барып тұруды сұраңыз. Олардың таңдаған сөзіне қарай неліктен солай сезінетіндері жөнінде талқылаңыз.
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Құдай Ыбырамға сөзін арнап, жанұясымен бірге Өзі көрсететін елге көшуін бұйырды. Бұл оңай болайын деп тұрған жоқ еді. Ыбырамның заманында жол жүру қиын әрі баяу болатын. Сондай-ақ, оның жинастыратын заттары да, бірге алып кететін адамдары да көп болды. 2. Құдай Ыбырамды жарылқайтыны жөнінде және оның ұрпағынан үлкен халық жасайтыны туралы ерекше уәде берді. Құдай осы үлкен халық арқылы жер бетіндегі барлық халықтарды да жарылқамақ болды. 3. Ыбырам әйелі Сарайды және туған інісінің ұлы Лутты ертіп жолға шықты. Олар барлық иеліктерін өздерімен бірге алып шықты. Сол кезде Ыбырам 75 жаста еді. 4. Біраз уақыт жол жүргеннен кейін, Құдай Ыбырамға Сихем деген жерде аян беріп, осы жерді Ыбырамның ұрпақтарына сыйлайтынын айтты. 5. Ыбырам құрбандық ұсынатын орын тұрғызып, Құдайға ғибадат етті. Содан соң ол Бетел мен Ай деген жерлердің тауларына қарай бет алып, сол екі жердің ортасына шатырын тікті. Сол жерде де ол Құдайға арнап құрбандық ұсынатын орын тұрғызды. Сонан соң ол сапарын Негев даласына қарай жалғастырды. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 1-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Құдайға сенім арту.	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Құдай Ыбырамға сөзін арнап, жанұясымен бірге Өзі көрсететін елге көшуін бұйырды. Бұл оңай болайын деп тұрған жоқ еді. Ыбырамның заманында жол жүру қиын әрі баяу болатын. Сондай-ақ, оның жинастыратын заттары да, бірге алып кететін адамдары да көп болды. 2. Құдай Ыбырамды жарылқайтыны жөнінде және оның ұрпағынан үлкен халық жасайтыны туралы ерекше уәде берді. Құдай осы үлкен халық арқылы жер бетіндегі барлық халықтарды да жарылқамақ болды. Ыбырайымның ұрпағынан адамзатты құтқаратын Иса Мәсіх туылмақ. 3. Ыбырам сеніммен көшіп шықты. Ол әйелі Сарай мен туған інісінің ұлы Лутты ертіп жолға шықты. Олар барлық иеліктерін өздерімен бірге алып шықты. Сол кезде Ыбырам 75 жаста еді. 4. Біраз уақыт жол жүргеннен кейін, Құдай Ыбырамға Сихем деген жерде аян беріп, осы жерді Ыбырамның ұрпақтарына сыйлайтынын айтты. 5. Ыбырам құрбандық ұсынатын орын тұрғызып, Құдайға ғибадат етті. Сол көне замандарда құрбандық ұсынатын орын Құдаймен қарым-қатынас тұрғызуды бейнелеген және Құдайды кездестірген ерекше жағдайларды еске түсірген. Содан соң Ыбырам Бетел мен Ай деген жерлердің тауларына қарай бет алып, сол екі жердің ортасына шатырын тікті. Сол жерде де ол Құдайға арнап құрбандық ұсынатын орын тұрғызды. Сонан соң ол сапарын Негев даласына қарай жалғастырды. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 2-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Оның шақыруы.
ҚАЙТАЛАУ	Ыбырамның Хараннан Бетелге дейінгі сапарының картасын сызып, осы әңгімеде аталған жер атауларын жаз. Море деген жердің алып емен ағашы мен Құдайға ғибадат ету үшін Ыбырамның тұрғызған екі құрбандық ұсынатын орнын да белгілеуді ұмытпа.	Жұппен жұмыс жасау. Құдай Ыбырамды басқа елге көшуге шақырғанда, оның Құдайға деген қарым-қатынасын сипаттайтын сөздердің тізімін жаса. Тізімді бүгінгі оқыған Киелі кітап әңгімесіне сүйене отырып жаз.
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. 1. Оңай болмаса да, Ыбырам Құдайдың жолға шығу туралы бұйрығына мойынсұнды. Бұл бізге Ыбырамның мінез-құлқы туралы нені үйретеді? 2. Мәсіхшінің өмірінде, әсіресе, қиыншылық пен белгісіз жағдайларда сенім қаншалықты маңызды рөл атқарады?	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. 1. Жұппен немесе топпен талқылау. Ыбырам Құдайға мойынсұнды. Бұл бізге Ыбырамның Құдайға деген көзқарасы туралы нені үйретеді? 2. Құдайға мойынсұну қиын болатын жағдайлар туралы ойлан. Ыбырамның өміріне қарап, сенімсіз болған кезімізде, уайымға батқанда, қорыққанда өзімізді қалай ұстауымыз қажеттігі жөнінде не үйрене аламыз?

3-4 деңгей	А6–3-деңгей 2-сабақ. Ыбырамның саяхаты Тақырыбы: Таңдаулар	А6 – 4-деңгей 2-талдау. Ыбырам Тақырыбы: Оның таңдауы
	Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 13:1-18 Негізгі аят: Нақыл 3:5-6 Біздің үйренетініміз: 1. Өмірімізде жақсы (дұрыс) шешімдер қабылдау маңызды. 2. Мәсіхшілер шешім қабылдайтын кезде Құдайдың жетелеуіне сүйенеді. Олар мұны Құдаймен дұғада сөйлесу, Киелі кітап оқу арқылы істейді.	Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 13:1-18, 14:1-16 Негізгі аят: Ешуа 24:15 Біздің үйренетініміз: 1. Ыбырам көмек пен бағытты Құдайдан іздеді және ол Құдайға алғыс айтты. 2. Киелі кітап мәсіхшілердің Құдайдан көмек пен бағыт-бағдар сұрап, өмірлеріндегі жарылқаулар үшін Құдайға алғыс айтулары қажет екенін үйретеді.
ТАНЫСТЫРУ	• Балалардан күнделікті қабылдайтын кішігірім шешімдерге және өмірді өзгертетін үлкен шешімдерге мысал келтірулерін сұраңыз. Оларды тақтаға екі бағанға бөліп жазыңыз. • Әр балаға бір қағаз беріңіз. Қағаздың бір жағына жуықта қабылдаған кішігірім шешімдері туралы сурет салуларын сұраңыз. Ал екінші жағына олардың болашаққа деген мақсаттарын немесе армандарын, үмітін бейнелейтін суретті салуын айтыңыз. Кіші топта олар өздерінің суреттерін көрсетіп, сол туралы бөлісіп, талқылайды. Шешім қабылдайтын кезде біздің бәрімізге көмек пен бағыт-бағдар қажет екенін түсіндіріңіз. Сенушілер осындай жағдайда Құдайдың көмегіне сүйене алады.	Құдайға қызмет ету – өз таңдауымыз. Құдайға қызмет етуді таңдаған адамдардың өмірінде қандай айырмашылықты көре аламыз? Олардың тізімін тақтаға жазып, бүгінгі сабақта Ыбырамның өмірі туралы оқығанда, оларды есімізге сақтайық.
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Ыбырам өзі алғаш шатыр тіккен Бетел мен Айдың ортасында орналасқан жерге қайтып барды. Сол жерде ол Құдайға арнап құрбандық үстелін тұрғызған болатын. Ол сонда сиыну үшін барды. 2. Ыбырамның шешім қабылдауы керек болды. Олар тұрып жатқан жерде адам тым көп болып, олар сол туралы бір-бірімен дауласа бастады. Жер бөріне жетпеді, сондықтан Ыбырамның немере інісі Луттан бөлініп, бөлек тұратын уақыты келді. 3. Ыбырам Лутқа өзі тұрғысы келетін жерді таңдауына мүмкіндік берді. 4. Лут жері құнарлы, Иордан өзенінен суарылатын сулы жерлерді таңдап, қалаларға жақын тұруды шешті. 5. Ыбырам Қанахан жерінде қала берді. 6. Лут бөлініп кеткеннен кейін, Құдай Ыбырамға тіл қатып, солтүстік пен оңтүстікке, шығыс пен батысқа қарай көзі көріп тұрған жерлердің бәрін беруге уәде етті. 7. Жаратқан Ие Ыбырамның ұрпағы көп болатынын және олар осы жерлерді иемденетінін уәде етті. 8. Ыбырам Хеброн қаласының маңайына, Мамренің алып емен ағаштары өсіп тұрған жерге барып қоныстанды. Ол сол жерде де Жаратқан Иеге арнап құрбандық ұсынатын орын тұрғызды. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 2-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Таңдаулар.	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Ыбырамның шешім қабылдауы қажет болды. Олар тұрып жатқан жерде адам тым көп болды және олардың арасында мал жайылымының жеткіліксіздігінен араздық пайда болды. Ыбырамның немере інісі Луттан бөлініп, бөлек тұратын уақыты келді. 2. Ыбырам Лутқа өзі тұрғысы келетін жерді таңдауына мүмкіндік берді. 3. Лут жері құнарлы, Иордан өзенінен суарылатын сулы жерлерді таңдап, қалаларға жақын тұруды шешті. 4. Ыбырам Қанахан жерінде қала берді. 5. Лут бөлініп кеткеннен кейін, Жаратқан Ие Ыбырамға тіл қатып, оның көзі көріп тұрған жерлердің бәрін иелікке беретінін айтты. Жаратқан Ие Ыбырамның ұрпағы көп болатынын және олар осы жерлерді иемденетінін уәде етті. 6. Ыбырам Мамренің алып емен ағаштары өсіп тұрған жерге барып қоныстанды. Ол Жаратқан Иеге арнап құрбандық ұсынатын орын тұрғызып, Құдайға ғибадат етті. 7. Ыбырам қақтығыстар болып жатқан уақытта өмір сүрді. Лут тұрып жатқан Содомның жаулары қалаға шабуыл жасап, Лутты барлық иелігімен бірге алып кетті. 8. Ыбырам бұл хабарды естігенде, ол әскермен жауға шабуыл жасап, тұтқынға түскендерді қайтаруға аттанды. Ыбырам жауды жеңді. Ол Содом патшасынан ешқандай сыйды қабылдамады. Себебі оған жеңісті алып берген Құдай болатын. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 2-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Оның таңдауы.
ҚАЙТАЛУ	Балалар бүгінгі сабақтағы әңгіме туралы газет тақырыбы мен оның бірінші бетіндегі қысқаша мақаланы ойлап табулары қажет. Мақалада әңгіменің негізгі элементтері қамтылуы керек. Бұл тапсырманы кіші топта немесе жұппен орындауға болады. Мақаланы топтың алдында көрсетіп, талқылауға болады.	Негізгі аятты оқыңыз. Ешуа 24:15. Бүгінгі сабақтан үйренгеніміздей, Ыбырам Құдайдың қызметшісі болғанын қалай көрсетті? Сабақтың басында жасаған Құдайдың қызметкерінің қасиеттері туралы тізімді қайталаңыз. Осы тізімге балалардың нені қосып, нені өзгерткісі келетіндерін сұраңыз.
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. Ыбырам өзінің таңдаулары мен шешімдеріне Құдайды қатыстырды. Соның нәтижесінде Құдай оны жарылқады. Құдайдың жарылқауына ие болу деген нені білдіретіні туралы ойла.	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. Луттың дұрыс емес таңдауы теріс нәтижелерге әкеп соқтырды. Таңдау жасағанда немесе шешім қабылдағанда басқаларды да ойлау қаншалықты маңызды?

3-4 деңгей	А6–3-деңгей 3-сабақ. Ыбырамның саяхаттары Тақырыбы: Құдайдың уәделері	А6 – 4-деңгей 3-талдау. Ыбырам Тақырыбы: Оның сенімділігі
	Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 17:1-8, 18:1-15, 21:1-5 Негізгі аят: Матай 1:21 Біздің үйренетініміз: 1. Ыбырам кейбір нәрселерді өз ақылымен шешуге тырысса да, Құдай одан бет бұрып кеткен жоқ. 2. Құдай Ыбырамға «көп ұлттың түп атасы боласың» деген уәдесін растады. Бұл уәде Ыбырамға ғана емес, қайта жер бетіндегі бүкіл халықтарға арналған батаны білдірді.	Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 15:1-7, 17:1-19, 18:1-15 Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 18:14 Біздің үйренетініміз: 1. Құдай Ыбырамға ұл сыйлайтынын және сол ұл оның мұрагері болатынын уәде еткен еді. Ыбырам Құдайға сенді, алайда өзінің де, әйелінің де жастары ұлғайып, қартайған кезі еді, балалары да болмады. Олар бұл мәселені өз ақылдарымен шешуге тырысты. 2. Құдай Ыбырам мен Сарайдан бас тартпады. Ол Ыбыраймның көп ұлттың түп атасы болатыны туралы уәдесін растады. Бұл Ыбырайымға ғана емес, қайта жер бетіндегі бүкіл халықтарға берілетін жарылқауды білдіреді.
ТАНЫСТЫРУ	Балалардан біреуге уәде берген кездері туралы сұраңыз. Кейде адамдар уәделерін орындамайды. Бұған қандай себептер бар? Құдай Өз уәделерін орындамайтын сияқты болып көрінгенмен, Ол Өзінің уәделеріне адал екенін бүгінгі сабақ түсіндіреді.	Қазіргі таңда адамдардың бір-біріне беретін уәделерінің тізімін жаса. Мысалы, неке уәдесі, әскерлердің беретін анты, заңды келісімдер, төлем туралы келісімдер, т.б.) Бұл уәделер қаншалықты ұзаққа созылады немесе қаншалықты бұзылады? Бүгінгі сабақ Құдайдың Өз уәдесінде тұратынын үйретеді.
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Құдай Ыбырамның көп балалы болатынын уәде етті. 2. Ыбырам мен әйелі Сарайдың жастары ұлғайып, қартайған еді. Олар бұл уәдені өз ақылдарымен іске асыруға тырысты. 3. Алайда Құдай Өзінің уәдесін бұзған жоқ. Шын мәнінде, Ол Ыбырам мен Сарайға уәдесін растады. Өзінің уәдесін орындайтынының белгісі ретінде оларға Ыбырайым және Сара деген жаңа есімдер берді. 4. Құдай Ыбырайымның көп ұлттың түп атасы болатынын айтқан еді. Ол Ыбырайым мен оның ұрпақтарына жер беретінін және Өзі олардың Құдайы болатынын уәде етті. 5. Үш адам Ыбырайымға қонаққа келді. Ол қонақтарды құшақ жая қарсы алды. 6. Құдай Ыбырайымның көлесі жылы ұлды болатынын айтты. Сара мұны естігенде, күліп жіберді, өйткені олар Ыбырайым екеуі балалы болуға тым кәрі болатын. 7. Құдай Өз уәдесінде тұрып, Сара ұлды болды. 8. Ыбырайым мен Сара ұлдарын Ысқақ деп атады. Оның мағынасы «Күлді» дегенді білдіреді, себебі Құдай адам сенгісіз уәдесін орындап, оларға қартайған шақтарында керемет қуаныш сыйлады. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуларына жігер беріңіз. 3-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Құдайдың уәделері.	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Құдай Ыбырамға сансыз ұрпақ беретінін уәде еткен болатын. 2. Ыбырам мен Сарайдың жастары ұлғайып, қартайған еді. Олар бұл уәдені өз ақылдарымен іске асыруға тырысты. 3. Құдай олардан бас тартқан жоқ. Ол Өз уәдесін тағы да растады. Жаратқан Ие Ыбырам мен Сарайға жаңа есімдер берді. Олардың есімі енді Ыбырайым және Сара болды. Бұл есімдер оларға Құдайдың уәдесін естеріне түсіріп отырды. 4. Құдай Ыбырайымның көп ұлттың түп атасы болатынын айтқан еді. Ол Ыбырайым мен оның ұрпақтарына жер беретінін және Өзі олардың Құдайы болатынын уәде етті. 5. Ыбырайымның заманында адамдар қонақтарды жақсы қарсы алатын, себебі адамның беделі қонақжайлылығынан белгілі болатын. 6. Құдай Ыбырайымға Сараның көлесі жылы ұлды болатынын айтты. Сара мұны естігенде, күліп жіберді, өйткені олар Ыбырайым екеуі балалы болуға тым кәрі болатын. 7. Құдай Өз уәдесінде тұрып, Сара шынымен де ұлды болды. 8. Ыбырайым мен Сара ұлдарын Ысқақ деп атады. Оның мағынасы «Күлді» дегенді білдіреді, себебі Құдай адам сенгісіз уәдесін орындап, оларға қартайған шақтарында керемет қуаныш сыйлады. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Оның сенімділігі.
ҚАЙТАЛАУ	Негізгі аятты оқып, талқылаңыз. Постер жасау үшін аяттағы сөздерді қолданыңыз.	Кіші топта жұмыс істеу: Осы сабақтан Құдайдың, Ыбырайым мен Сараның мінез-құлқы туралы не үйренеміз? Балалар өз ойларын жұппен талқылап, кейін топтың алдында бөліседі.
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. 1. Бүгінгі сабақ мәсіхшілердің Құдайға сенімін қалай нығайта алады? 2. Бұл сабақ Құдайдың уақытын күту мен шыдамдылық туралы не үйретеді?	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. 1. Құдай үшін тым қиын нәрсе бар ма? 2. Мәсіхшілер не себепті Құдай кешігіп жатыр деп ойлауға бейім?

3-4 деңгей	А6–3-деңгей 4-сабақ. Ыбырайымның саяхаттары Тақырыбы: Сүйіспеншіліктің сыналуы	А6 – 4-деңгей 4-талдау. Ыбырайым Тақырыбы: Сынақ
	Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 22:1-14 Негізгі аят: Жохан 1:29 Біздің үйренетініміз: 1. Құдай Ыбырайымды сынады. Ол Ыбырайымның жалғыз ұлын құрбандыққа беруін сұрады. Ыбырайым Құдайға мойынсұнды және Оған толықтай сенім артты. 2. Құдай Ысқақтың орнына құрбандықты Өзі қамтамасыз етті. 3. Құдай Исаны біздің орнымызды алып, күнеларымыз үшін өлуге жібергенін Киелі кітап үйретеді.	Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 22:1-19 Негізгі аят: Еврейлерге 11:17-19 Біздің үйренетініміз: 1. Құдай Ыбырайымға жалғыз ұлын құрбандыққа беруін айтқанда, Ыбырайым Оған толығымен мойынсұнып, сенім артты. 2. Құдай Ысқақтың орнына құрбандыққа шалынатын қошқарды Өзі берді. 3. Ыбырайым Құдайға бағынғандықтан, Ол Өзінің уәдесін растады. 4. Киелі кітап біздің орнымызға күнеларымыз үшін құрбан болуға Исаны бергенін үйретеді.
ТАНЫСТЫРУ	Кейде біз адамдарды жақсырақ білу үшін әр түрлі сынақ (тест) түрлерін қолданамыз. Сынақ түрлері туралы тізім жасаңыз. Мысалы, көлік жүргізушілерге арналған сынақ, мектептердегі сынақтар, музыкалық емтихандар сынағы, есту және көру сынақтары, т.б. Бұл сынақтар адамның білім деңгейінің, түсінігінің, тәндік қабілеттері және тәртіптерінің қандай екенін көрсетеді. Бүгінгі әңгімеде Құдай Ыбырайымның Өзіне қаншалықты шынайы сенім артатындығын сынақтан өткізді.	Сенің өміріңде ол болмаса, өмір сүре алмайтын біреу немесе бір нәрсе бар ма? Ыбырайым үшін оның ұлы Ысқақ сондай адамдардың бірі болса керек. Ыбырайым Ысқақтың туылуын ұзақ күткен болатын. Егер Ысқақты жоғалтатын болса, Ыбырайым өзін қалай сезінер еді?
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Құдай Ыбырайымнан өзінің жалғыз ұлы Ысқақты құрбандыққа шалып, өртеп жіберуін бұйырды. 2. Ыбырайым Құдайдың нұсқаулығына мойынсұнды. Ыбырайым Құдай көрсеткен жерге жету үшін үш күн жол жүрді. 3. Ысқақ әкесінен құрбандықтың қайда екенін сұрағанда, Ыбырайым құрбандыққа шалынатын қойды Өзі беретінін айтты. Бұл Ыбырайымның Құдайға деген нық сенімін көрсетеді. 4. Ыбырайым Құдайға толығымен мойынсұнды. Ол Құдай үшін бөрінен, тіпті, өзінің қымбатты ұлынан да бас тартуға дайын болды. 5. Жаратқан Ие Ыбырайымға тіл қатып, ұлы Ысқаққа ешқандай зиян келтірмеуін бұйырды. 6. Құдай Ысқақтың орнына құрбандыққа шалынатын қошқарды берді. 7. Құдай Ыбырайымның сансыз ұрпақтың түп атасы болатыны туралы уәдесін растады. Ол, сондай-ақ, олар арқылы жер бетіндегі барлық халықты жарылқайтынын да уәде етті.. 8. Құдай Өзінің жалғыз Ұлын біздің орнымызға құрбандыққа шалынатын «Құдайдың Тоқтысы» ретінде жібергенін Киелі кітап айтады. Исаға деген сеніміміз арқылы біз құтқарылуға ие бола аламыз. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Сүйіспеншіліктің сыналуы.	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Ыбырайымға өзінің ұлын құрбандыққа шалуын бұйырғанда, Құдай оны сынамақ болды. Бұл оның мінез-құлқын өзгерту және Құдайға сенім арту қабілетін дамыту үшін болатын. 2. Ыбырайым Құдайдың нұсқауына мойынсұнды. Ол Құдай көрсеткен жерге жету үшін үш күн жол жүрді. 3. Ысқақ әкесінен құрбандықтың қайда екенін сұрағанда, Ыбырайым құрбандыққа шалынатын қойды Өзі беретінін айтты. Бұл Ыбырайымның Құдайға деген нық сенімін көрсетеді. 4. Ыбырайым Құдайға толығымен мойынсұнды. Ол Құдайды бөрінен де жақсы көретінін дәлелдеу үшін өзінің жалғыз ұлын құрбандыққа беруге дейін дайын болды. 5. Жаратқан Ие Ыбырайымға тіл қатып, ұлы Ысқаққа ешқандай зиян келтірмеуін бұйырды. 6. Құдай Ысқақтың орнына құрбандыққа шалынатын қошқарды берді. Ысқақтың орнына құрбандыққа шалынған қошқар мен адамзат үшін құрбан болған Мәсіхтің арасындағы параллельді ескеріңіз. 7. Құдай Ыбырайымның сансыз көп ұрпақтың түп атасы болатыны жайындағы уәдесін растады. 8. Құдай Өзінің Ұлын аямай, біздің орнымызға айқын ағашта құрбан болуға жібергені туралы Киелі кітапта жазылған. Исаға деген сеніміміз арқылы біз құтқарылуға ие бола аламыз. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Сынақ
ҚАЙТАЛУ	Негізгі аят Исаның әлемнің күнәсін Өз мойнына алатын мінсіз пәк құрбандық, Құдайдың Тоқтысы екенін бізге үйретеді.	Бүгінгі сабақта оқыған әңгімедегі оқиға болған жерді Ыбырайым «Жаратқан Ие қажетінді береді» деп атады. Ол неліктен солай аталды?
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. Ыбырайым Құдайға толығымен сенім артып, Оған бағынды. Құдай оны осы үшін жарылқады. Ыбырайымнан қандай үлгі алуға болады?	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. Ыбырайым Құдайдың сынағына ұшыраған кезде де, Құдайға сенім артып, Оған мойынсұнды. Оның үлгісінен біз не үйрене аламыз? Қазіргі таңда адамның сенімін сынау үшін Құдай қандай жолдарды таңдауы мүмкін?

А қосымшасы 0 және 1 - деңгейлер Тегін Киелі кітап суреттері

	Тақырыбы	Өңгіменің суреттері
A5	Ыбырайым	Ыбырайымның көшіп шығуы / Құдай Ыбырайымды шақырды https://www.freebibleimages.org/illustrations/abraham-ur-preschool/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/fn-abram-sarai/ Ыбырайым мен Лут https://www.freebibleimages.org/illustrations/fn-abram-lot/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/abraham-lot-preschool/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/fn-abram-canaan/ Құдайдың Ыбырайымға берген уәделері https://www.freebibleimages.org/illustrations/ls-abram/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/fn-abram-stars/ Ыбырайым мен оның қонақтары https://www.freebibleimages.org/illustrations/rg-abraham-sarah/
A6	Ыбырайым	Ыбырайым Құдайды тыңдады https://www.freebibleimages.org/illustrations/rg-abraham-isaac/ Құдайдың қамқорлығы https://www.freebibleimages.org/illustrations/abram-hagar-preschool/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/ls-hagar-ishmael/ Құдайдың көмегі https://www.freebibleimages.org/illustrations/ls-isaac-bride/ Құдайдың таңдауы https://www.freebibleimages.org/illustrations/rg-isaac-wife/

А қосымшасы 2-деңгей Тегін Киелі кітап суреттері

	Тақырыбы	Өңгіменің суреттері
A5	Ыбырайым	Құдай Ыбырайымды шақырды https://www.freebibleimages.org/illustrations/abraham-canaan/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-abram-promise/ Ыбырайым мен Лут https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-abram-promise/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/abraham-lot/ Құдайдың Ыбырайымға берген уәделері https://www.freebibleimages.org/illustrations/abraham-promise/ Ыбырайым мен қонақтары https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-abraham-faith/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/abraham-strangers/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/abraham-isaac/
A6	Ыбырайым	Ыбырайым Құдайды тыңдады https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-abraham-faith/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/abraham-isaac/ Ыбырайым Құдайға мойынсұнды https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-abraham-faith/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/abraham-isaac/ Құдай көмектесті https://www.freebibleimages.org/illustrations/isaac-wife/ Құдайдың таңдауы https://www.freebibleimages.org/illustrations/isaac-wife/

В қосымшасы 3-деңгей Тегін Киелі кітап суреттері

	Тақырыбы	Әңгіменің суреттері
А5	Петірдің өмірі	Петірдің уағыз айтуы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/lqr-peter-pentecost/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ndb-pentecost/
		Петірдің сауықтыруы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ndb-lame-man/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/il-lame-man/
		Петірдің куәлік етуі
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/peter-john-arrested/
		Петір түрмеде
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/lqr-peter-prison/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/anv-peter-prison/
А6	Ыбырайым	Құдайға сенім арту
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/abraham-canaan/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-abram-promise/
		Таңдаулар
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/abraham-lot/
		Құдайдың уәделері
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/abraham-strangers/
		Сүйіспеншіліктің сыналуы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-abramam-faith/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/abraham-isaac/

С қосымшасы 4-деңгей Тегін Киелі кітап суреттері

	Тақырыбы	Әңгіменің суреттері
А5	Петірдің өмірі	Алғашқы өнім мейрамы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-ascension/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/pentecost/
		Сал адамның сауығуы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/lame-beggar-healed/
		Жоғарғы кеңестің алдында
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/peter-john-arrested/
		Түрмеде
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/peter-prison/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/abraham-canaan/
А6	Ыбырайым	Оның шақыруы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/abraham-canaan/
		Оның таңдауы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/abraham-lot/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/sodom-gomorraah/
		Оның сенімділігі
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/abraham-promise/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/abraham-strangers/
		Сынақ
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/abraham-isaac/
		https://www.freebibleimages.org/photos/shepherds-sheep/



© Киелі кітаптан білім беру қызметтері- 2022

www.besweb.com